

ХҒТАР 16.41.25

ӨОЖ 811.12.122

<https://doi.org/10.52269/NTDG2541225>

ТІЛ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ТІРЕГІ

Қайпбаева А. – филология ғылымдарының кандидаты, филология және практикалық лингвистика кафедрасы профессорының м.а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ. Қазақстан Республикасы.

Нурсеитова А.А. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ. Қазақстан Республикасы.

Тасмағамбетова З.Ж.* – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ. Қазақстан Республикасы.

Абильбекова Б.Т. – филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ. Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада авторлар тілмен бірге ғасырлар бойы жинақталған білім, дағды, салт, мәдениетке назар аудартып, қандай иммунитет адам да жоғары болса, өзге халықтың жат қылықтарын бойына сіңірмейтініне, найзаның ұшымен қорғалған жер өз тілін білмейтін мәңгүрттерге мәңгілік тұрақ болмайтынына назар аударған. Сонымен бірге, авторлар лингвистерге мәлім қазақ тілінің мүшкіл жағдайына басқа мамандардың да зер салуын қажет деп санайды.

Рухани иммунитетті қалай нығайтудың жолдарына тоқталады. Адамның рухани имунитеті, яғни ұлттық сана-сезімі, тәрбиесі мен мәдени құндылықтары жоғары болса, ол өзге халықтың жат қылықтарына бой алдырмайды. Рухани иммунитет дегеніміз – адамның өзболмысын, ата-баба дәстүрін, ұлттық мәдениетін берік ұстануы және сыртқы әсерлерге қарсы тұру қабілеті деген ғалымдар тұжырымына жан-жақты тоқталған. Ұлттық тәрбие, ата-ана тәрбиесі, ана тілі, ұлттық тарих пен әдебиет, дін мен ділдің беріктігі адамды адаспайтын жолға салатыны зерделенген.

Сонымен бірге, авторлар пәлсапалық таным ұғымдарымен тығыз байланыста, соның бір бөлігі ретінде дүниеге келген тіл туралы ғылымның қазірде қазақ топырағында қалыптасу ерекшелігін айқындау, даму бағыттарын саралау, әлемдік лингвистиканың концептуалды тұжырымдарымен сабақтастығын, өзіндік үлесін талдау қажеттігі сол байланыстың уәжді жалғасы болып табылатынына тоқталған.

Түйінді сөздер: рухани мәдениет, тіл, ұлт, рухани болмыс, ой-өріс, тіл байлығы.

ЯЗЫК – ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНОГО ДУХА

Қайпбаева А. – кандидат филологических наук, и.о. профессора кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Нурсеитова А.А. – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Тасмағамбетова З.Ж.* – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Абильбекова Б.Т. – старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

В этой статье авторы обращают внимание на то, что вместе с языком передаются накопленные веками знания, навыки, традиции и культура. Они подчеркивают, что, если у человека развит «иммунитет», он не впитает чуждые привычки других народов, а земля, защищенная остриями копий, не станет вечным пристанищем для манкуртов, не знающих родного языка.

Кроме того, авторы считают, что сложное положение казахского языка, известное лингвистам, требует внимания и со стороны специалистов других областей. В работе рассматриваются пути укрепления духовного иммунитета. Если духовный иммунитет человека, то есть его национальное самосознание, воспитание и культурные ценности, находятся на высоком уровне, он не поддается влиянию чуждых традиций. Ученые утверждают, что духовный иммунитет – это

способность человека сохранять свою сущность, следовать традициям предков, беречь национальную культуру и противостоять внешним воздействиям.

Исследуется влияние национального воспитания, родительского наставления, родного языка, истории, литературы, а также религии и самосознания на формирование устойчивых духовных ориентиров.

Также авторы подчеркивают необходимость изучения особенностей становления науки о языке на казахской почве, анализа направлений его развития, а также выявления связей с концептуальными теориями мировой лингвистики и специфики вклада казахстанских ученых в эту область. Эта необходимость обусловлена тесной связью языкознания с философским мировоззрением и его происхождением как неотъемлемой части последнего.

Ключевые слова: духовная культура, язык, нация, духовная сущность, мировоззрение, богатство языка.

LANGUAGE IS THE FOUNDATION OF THE NATIONAL SPIRIT

Kaipbayeva A. – Candidate of Philological Sciences, acting Professor of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.

Nurseitova A.A. – Master of Arts, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.

Tasmagambetova Z.Zh. – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.*

Abilbekova B.T. – Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan.

In this article, the authors emphasize that language carries with it centuries of accumulated knowledge, skills, traditions, and culture. They argue that when an individual possesses a well-developed “immunity,” he or she is not susceptible to absorbing foreign habits, just as land protected by the points of spears will not become a permanent refuge for “mankurts” (unthinking slaves from Ch. Aitmatov’s novel “The Day Lasts More Than a Hundred Years”, 1980) who have forgotten their native language.

Furthermore, the authors note that the challenging situation of the Kazakh language, well known to linguists, also requires the attention of specialists from other fields. The article explores various ways to strengthen spiritual immunity. When a person’s spiritual immunity – defined as national self-awareness, upbringing, and cultural values – is strong, he or she is less vulnerable to the influence of alien traditions. The scholars argue that spiritual immunity is a person’s ability to preserve their essence, follow ancestral traditions, safeguard national culture, and resist external pressures.

The study examines the influence of national upbringing, parental guidance, the native language, history, literature, as well as religion and self-consciousness on the formation of stable spiritual foundations.

The authors also highlight the need to investigate how linguistic scholarship developed in Kazakhstan, to analyze the directions of its evolution, and to identify its connections to conceptual theories in global linguistics, as well as the specific contributions of Kazakhstani scholars to this field. This need is shaped by the close relationship between linguistics and philosophical worldviews, and by the origin of linguistics as an integral component of the latter.

Key words: spiritual culture, language, nation, spiritual identity, worldview, linguistic richness.

Кіріспе: Кез келген ғылыми парадигмаға арқау болар тұжырымдар мен теорияларға, олардың қалыптасу, даму тарихына назар аударатын болсақ, әр уақытта арнайызандылықтардың сақталатынына көз жеткізу қиынға соқпас. Бір кезеңде өмір сүріп, бір мақсатта еңбек етіп, зерттеулер жүргізген ғалымдардың ортақ мүддеге бағытталуы, тіл туралы ізденістерін тоғыстыруы, шын мәнінде, ортақ парадигмалардың дүниеге келуін айғақтайды, себебі алуан түрлі теориялық тұжырымдардың бастауында тілдік деректермен қатар, сыртқы күштердің де ықпалы айқын сезіледі. Қоғамдық, идеологиялық шарттар, халықтық дәстүрлер мен мәдени құндылықтар, халықаралық қатынастар және өзге де толып жатқан факторлар әр тарихи дәуірдің өз заңдарын орнатады, сондықтан қоғамдық құбылыстардың бірі ретінде танылған тіл де бұл өзгерістерден сырт қала алмайды, керісінше, олармен тығыз байланыста, үзілмес бірлікте дамып отырады. Пәлсапалық таным ұғымдарымен тығыз байланыста, соның бір бөлігі ретінде дүниеге келген тіл туралы ғылымның қазірде қазақ топырағында қалыптасу ерекшелігін айқындау, даму бағыттарын саралау, әлемдік лингвистиканың концептуалды тұжырымдарымен сабақтастығын, өзіндік үлесін талдау қажеттігі сол байланыстың уәжді жалғасы болып табылады. XX ғасырдан бастап нормативті грамматикалармен қатар, тілге жаңа қырынан зер салу, оның ішкі идеялық философиясына назар аудару, антропоцентристік сипатын талдап қарастыру қазақ тіл ғылымында тың лингвистикалық мәселелердің өзектелуіне әсер етті.

Тіл туралы ғылымның тарихи қалыптасуы мен теориялық дамуы алуан түрлі ұғымдардың да лингвистика шеңберінде қолданыс табуына себепкер болды. Өзге ғылымдармен тығыз байланыс құрай

отырып, тіл білімі пәлсапалық, қоғамдық, психологиялық терминдерді тілдік ізденістерге арқау етіп, ғасырлар тоғысында жаңа міндеттер шешу мүмкіндігіне ие болды, соның арқасында қазір лингвистика пәнаралық шекараларды жаңаша белгілеумен қатар, ғылыми тұтасудың да өзгеше үрдісін қамтамасыз етіп отыр. Бұл процестердің астарында «адамзат болмысын» ерекше қабылдау, «қоғамдық қатынастарды» жан-жақты түсіну, «ғылыми зерттеу мүмкіндіктерін» жаңа бағытқа жұмылдыру әрекеттері байқалады [1, 1126].

Мәдениет қатып қалған догмалық ұғым емес, ол – үдеріс әрі үдерістің нәтижесі. Үдеріс болған соң ол үнемі қозғалыста болады, қозғалыс оның динамикасын жандандырады, сондықтан да мәдениет эволюциялық сипатының арқасында жаңарып, жаңғырады, кеңейеді, өркендейді. Мәдениет пен өркениеттің өркендеуі барысында тілдер біртіндеп табиғи сипатын жоя бастайды, ал қоғамдағы негізгі функцияларды жасандылығы үстем тіл немесе «әдеби тіл» атқаруға кіріседі. Сондықтан табиғи тіл халықтың материалдық және рухани мәдениетін жеткізуші, жинақтаушы ұлттық форма болып табылады [2, 856].

Ал тіліміздің қазіргі жағдайына тоқталсақ, өттеген-ай дейтін тұстарымыз өте көп.

Мақсаты-міндеттері: Тіл – ұлттың рухани болмысы мен мәдени қазынасының сақтаушысы екенін келешек ұрпаққа жеткізуге ұмтылған ғалымдардың пікірлерін ұстануды біз де мақсат еттік.

Өзектілігі: Егер тіл жоғалса, онымен бірге сол тіл арқылы ғасырлар бойы жинақталған білім, салт-дәстүр, дағды және мәдениет те жойылатынын алаш арыстары қанымен, терімен жазып кетті. Бүгінгі таңда ғалымдар да, аға буын да тілге қауіп көп екенін айтып та, жазып та жатқаны мақалаға өзек болады.

Негізгі бөлім: Себебі, тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – халықтың тарихы, дүниетанымы, ұлттық ерекшелігі мен болмысының айнасы екені ұлттық әдебиеттерде дәлелденгенімен бұл тақырып өзекті.

Әдебиеттерден мысалдар келтірейік:

1. Абай Құнанбайұлының шығармалары, қарасөздері мен өлеңдерінде тілдің ұлттық құндылықтарды жеткізудегі рөлі айқын көрінеді. 25-ші қарасөзінде Абай: «Тілін білмеген – түбін білмейді» деп, тілдің ұлттың рухани негізі екенін айтады. Егер тіл жоғалса, адам өзінің тегін, тарихын, мәдениетін түсіне алмайды.

2. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы Романда Абай қазақ халқының сөз өнеріне, тіліне ерекше мән береді. Сол дәуірдегі би-шешендердің сөз саптауы, халықтың ой-өрісінің кеңдігі қазақ тілінің байлығын көрсетеді. Егер осындай көркем тіл сақталмаса, ұлттың салт-дәстүрі мен мәдениеті ұмыт болар еді.

3. Шерхан Мұртазаның «Қызылжебе» шығармасында

Тұрар Рысқұловтың өмірін сипаттай отырып, ұлт үшін тілдің, мәдениеттің маңызын алға қояды. Рысқұлов секілді тұлғалар халықтың білімін, мәдениетін сақтап қалу үшін күрескен. Ұлттың тілі жойылса, білімі мен мәдениеті де құлдырайтынын түсінген.

4. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында

Қазақ даласындағы тарихи өзгерістер мен өзге мәдениеттердің ықпалы көрсетіледі. Қазақи дәстүрлер мен ұлттық құндылықтардан алыстаған кейіпкерлердің өмірі арқылы автор тіл мен мәдениет байланысының әлсіреуі ұлтты жоғалтуға әкелетінін меңзейді.

5. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде қазақ тілінің тазалығын сақтауға шақырып, оны ғылым мен білімнің кілтіне айналдыруға тырысты. Ол:

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп, тілсіз ұлттың мәдениеті мен рухани байлығының да жойылатынын баса айтты.[3, 2086].

6. Абай Құнанбайұлының қарасөздері. Абайдың 19-шы қарасөзінде:

«Адамның жақсы болмағы – тегінде емес, тәрбиесінде» деп айтылады. [4, 516].

Мұнда адамның рухани иммунитетін қалыптастыратын тәрбие мен білім екені көрсетіледі. Жақсы тәрбие алған адам қандай да бір сыртқы әсерлерге, жат қылықтарға берілмейді.

7. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романында

Ұлпанның тұлғалық бейнесі – ұлттық тәрбиенің биік үлгісі. Ол әйел бола тұра өз халқының дәстүріне берік, рухы мықты жан. Ұлпан өзге жұрттың салтына ермей, қазақтың ар-намысын, мәдениетін алдыңғы орынға қояды.

8. Шерхан Мұртазаның «Қарамаржан» шығармасында

Кейбір кейіпкерлердің сыртқы мәдениетке еліктеп, ұлттық болмысынан ажырай бастағаны сыналады Автор ұлттың түпкі құндылықтарын ұстану арқылы ғана рухани иммунитетті сақтауға болатынын айтады.

9. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында

Абай бейнесі – ұлттық рух пен рухани иммунитеттің символы. Абай ел ішіндегі ескілікті сынға алса да, сырттан келген жат қылықтарға қарсы тұрып, қазақтың дәстүрі мен тіліне берік болды. Оның:

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген сөзі адамның ішкі рухани қуатының маңызын дәлелдейді.

10. ЫбырайАлтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде

Алтынсарин жастарды білімге, ғылымға шақыра отырып, ұлттық құндылықтарын сақтауды насихаттайды. Білім мен рухани тәрбие қатар жүрсе ғана адам жат қылықтарға қарсы тұра алады.

11.Тарих пен ауыз әдебиеті ұмытылады:

Тіл арқылы жеткен аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар, мақал-мәтелдер жоғалады. Мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырлары қазақ халқының ерлік дәстүрін сақтап келеді.

12. Тілмен бірге алт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар да ұмыт болады. Мысалы, «Бата беру», «Наурыз көже» дәстүрлері тек тіларқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

13. Тіл жоғалған кезде адамдар өздерін басқа мәдениет өкілдері ретінде сезіне бастайды. Мысалы, отаршылдық саясат кезінде көптеген ұлттардың ана тілі шеттетіліп, олардың мәдениеті жойылған.

Тіл жоғалса, мәдениет жойылады, ұлттық құндылықтар жойылады, ұлттық сана-сезім әлсірейді. Тіл – ұлттың жаны, мәдениетінің өзегі. Егер тіл жоғалса, ғасырлар бойы жинақталған білім, салт-дәстүр және ұлттық құндылықтар да бірге жойылады. Әдебиетте Абай, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов сынды тұлғалардың еңбектері тілдің ұлтты сақтап қалудағы шешуші рөлін дәлелдейді. Сондықтан тілге құрмет – ұлттық мәдениетке құрмет. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен рухани қазынаны сақтау үшін тілді қорғау – әрбір азаматтың міндеті. «Тіліңді сақта – болашағыңды сақта» деген ұстаным ұлттың мәңгілігінің кепілі болмақ.

Адамның рухани иммунитеті, яғни ұлттық сана-сезімі, тәрбиесі мен мәдени құндылықтары жоғары болса, ол өзге халықтың жат қылықтарына бой алдырмайды. Рухани иммунитет дегеніміз – адамның өз болмысын, ата-баба дәстүрін, ұлттық мәдениетін берік ұстануы және сыртқы әсерлерге қарсы тұру қабілеті.

Рухани иммунитеттің маңызы

Жат қылықтарға бой алдырмау үшін адамның бойында:

ұлттықрух пен сана,

ана тіліне деген сүйіспеншілік,

ұлттық құндылықтар мен дәстүрге адалдық,

дін мен ділге беріктік болуы шарт.

Бұл қасиеттер адамды сыртқы мәдениеттің теріс әсерінен қорғайды.

Рухани иммунитетті қалай нығайту керек?

1. Ұлттық тәрбие: Ата-анатәрбиесі, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты қастерлеу.

2. Ана тілі: Тілін қадірлеген адам мәдениетін сақтайды.

3. Ұлттық тарих пен әдебиет: Тарихи тұлғалардың ерліктері, әдеби кейіпкерлердің ұлттық болмысын үлгіету.

4. Рухани құндылықтар: Дін мен ділдің беріктігі адамды адаспайтын жолға салады.

Адамдар рухани иммунитет мықты болса, ол жат қылықтарға бой алдырмайды. Ұлттық сана-сезімі жоғары адам өз халқының мәдениетін, тілін, салтын қастерлейді және сыртқы жағымсыз әсерлерге қарсы тұра алады. Абай, Мұхтар Әуезов, Ыбырай Алтынсарин шығармаларының басты идеясы – рухани байлық пен ұлттық құндылықтарды сақтау. Бұл құндылықтар адамды сыртқы ықпалдардан қорғап, оның ұлттық болмысын нығайтады.

Өзге халықтың жат қылықтарын бойына сіңірмеу үшін адамда рухани, мәдени және психологиялық иммунитеттің жоғары деңгейде болуы қажет. Бұл иммунитеттердің әрқайсысы адамның ұлттық болмысы мен жеке тұлғалық тұрақтылығын нығайтып, сыртқы әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырады.

1. Рухани иммунитет. Рухани иммунитет адамның ішкі құндылықтары, сенімі, дүниетанымы арқылы қалыптасады. Бұл иммунитет адамның ұлттық мәдениетке, дәстүрге, дінге және ұстанымдарға сүйенуінен туындайды. Ұлттық тарихты, дәстүрлерді, ата-бабалардың өмірлік қағидаларын терең түсіну арқылы әрі қарай дамиды. Жас буын жақсы әдеттер мен адамгершілік құндылықтарды бойға сіңіреді. Рухани иммунитеті жоғары адам жат қылықтарды өзіне жат екенін бірден түсініп, олардан алшақ болады.

2. Мәдени иммунитет. Мәдени иммунитет – адам өз ұлтының мәдениетін, әдет-ғұрпын, өнерін, тілін және рухани мұрасын жоғары бағалайды және оны күнделікті өмірде қолданады.

Ана тілінде сөйлеп, оны жетілдіру арқылы дамытады.

Ұлттық музыка, әдебиет, өнер мен тағам мәдениеті дәріптеледі.

Қазақтың салт-дәстүрлері мен ұлттық тәрбиесі заманауи өмірге бейімделеді.

Мәдени иммунитеті мықты адам өзге халықтардың мәдениетіне құрметпен қараса да, жат қылықтарға еліктемей, өз ұлттық болмысын сақтайды.

3. Психологиялық иммунитет. Психологиялық иммунитет адамның өзіне деген сенімінен, сыни ойлау қабілетінен, жеке тұлғалық тұрақтылығынан құралады.

Өзіндік "Менін" қалыптастырады, яғни өз құндылықтарын нақты түсінеді.

Жаһандық мәдениет аясында сыни көзқарас қалыптастырады.

Тұлғалық даму, өзін-өзі тәрбиелеу және білім алу арқылы шынайы мақсаттарға жетеді.

Психологиялық иммунитеті жоғары адам шетелдік мәдениеттің зиянды элементтерін талдай алады және оларға еліктеуден бас тартады.

4. Отбасылық иммунитет: Отбасының тәрбиесі мен құндылықтары адамның мінез-құлқын, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Ата-ана ұлттық тәрбиені балаға кішкентайынан сіңіреді.

Ұрпақтар сабақтастығын сақтайды ата-баба өсиеттеріне сүйенеді.

Ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген адам сыртқы мәдени ықпалға қарсы тұра алады.

5. Дін және моральдық тұрақтылық: Дін адамның өмірлік ұстанымдарын бекітуде маңызды рөл атқарады. Оның негізіндегі этикалық қағидалар жеке тұлғаның рухани иммунитетін нығайтады.

Діннің негізгі моральдық құндылықтарын дұрыс түсініп, өмірге қолданады.

Рухани ілімдер арқылы өзін-өзі дамытады. Дініне берік, моральдық құндылықтарға сүйенген адам жат қылықтарды оңай ажыратып, олардан бойын аулақ ұстайды.

Өзге халықтың жат қылықтарын бойына сіңірмейтін адам – рухани, мәдени, психологиялық тұрғыдан күшті, өз ұлттық болмысын терең түсінген және соған адал тұлға. Мұндай иммунитетті дамыту үшін отбасы тәрбиесі, ұлттық мәдениетке деген құрмет, сыни ойлау қабілеті және моральдық құндылықтар шешуші рөл атқарады.

Неге тіл маңызды?

1. Тіл – ұлттық рухтың тірегі: Тілін жоғалтқан халық – өзінің тарихи жадынан, мәдениеттен және рухани байлығынан айырылады. Ол тек сыртқы ықпалға бейімделген топқа айналады.

2. Тіл – тәуелсіздіктің кепілі: Ана тілі өзінің жерін, мемлекетін сүйетін азаматтарға жаратушыдан берілген құндылық.

Ал қазіргі қазақ тілінің мүшкіл жағдайы тек лингвистердің ғана емес, қоғамның барлық саласының назарында болуы керек. Тіл – ұлттың рухани өзегі, ал оның дамуы мен сақталуы тек лингвистерге жүктелген міндет емес. Қазақ тілінің мәселесіне басқа саланың мамандары да белсенді араласып, өз үлестерін қосуы қажет.

1. Білім беру саласының мамандары

Мұғалімдер мен педагогтар:

Қазақ тілін үйретудің жаңа әдістемелерін енгізіп, тілді қызықты әрі заманауи жолдармен жеткізу.

Қазақ тілінде сапалы білім беру арқылы оның мәртебесін арттыру.

Білім беру бағдарламаларын жасаушылар:

Мектептер мен ЖОО-да қазақ тілін тереңдетіп оқытатын бағдарламалар әзірлеу.

2. Технология және IT мамандары

Программистер: Қазақ тілінде қосымшалар, платформалар, жасанды интеллект құралдарын жасау. Мысалы, қазақ тілінде жұмыс істейтін аударма құралдары, тіл үйрену бағдарламалары.

Сандық контент жасаушылар: Қазақша подкасттар, бейне сабақтар, ойындар, сайттар мен әлеуметтік желі контентін көбейту.

3. Мәдениет және өнер саласының мамандары

Жазушылар мен ақындар: Қазіргі заманға сай әдебиет, поэзия және драматургия арқылы қазақ тілінің байлығын насихаттау.

Кино және театр қайраткерлері: Қазақ тілінде сапалы фильмдер мен қойылымдар арқылы оның мәртебесін көтеру.

Музыканттар мен әншілер: Қазақ тілінде жаңа, заманауи әндер жазып, жастардың тілді қызығушылықпен меңгеруін ынталандыру.

4. Экономика және бизнес саласының мамандары

Кәсіпкерлер: Қазақ тілінде қызмет көрсету стандарттарын енгізу, жарнамаларды қазақша жасау.

Маркетологтар: Қазақ тілін қолдануды насихаттайтын жарнамалар мен компаниялар ұйымдастыру.

5. Әлеуметтанушылар мен психологтар

Әлеуметтанушылар: Қазақ тілін қолдану деңгейін зерттеп, оның төмендеу себептерін анықтау.

Психологтар: Қазақ тілін меңгеруге деген сенімділік пен мотивацияны арттыру жолдарын қарастыру.

6. Құқық және саясат саласының мамандары

Заңгерлер: Қазақ тілінің мәртебесін арттыру үшін тиісті заңдарды жетілдіру және олардың орындалуын бақылау.

Саясаткерлер: Қазақ тілін мемлекеттік деңгейде қолдаудың тиімді тетіктерін енгізу.

7. Журналистер мен медиа мамандары

Қазақша БАҚ: Сапалы қазақша контент арқылы тілдің қолдану аясын кеңейту.

Блогерлер: Қазақ тілін танымал ету үшін заманауи платформаларда (TikTok, YouTube, Instagram) белсенділік таныту.

Қай ұлттың ғылымында болсын филологиялық зерттеулер нысанына ең алдымен әдеби тіл аймағы алынып, зерттеледі. Әдеби тілдің болуы, тұрақтылығы – сол тілдің өміршеңдігінің басты көрсеткіші болып саналатыны рас. Алайда әдеби тіл сөйлеу тілі арқылы қалыптасқандығы және бүгінгі

сипатындағы белсенді үдерістер мен өзгерістер сөйлеу тілі арқылы болып жататыны көп ескеріле бермейді. Жас ұрпақтың тілі алдыңғы буынның тілін қайталайды және тілдің жалпы даму заңдылығы бойынша қысқартылады, үнемделеді. Ал басқыншы тілдің шылауында болса, сол тілдердің ықпалына ұшырайды, өзгереді. Қазақ тілі ата буын, орта буын және жас буын тұтынуында орыс тілінің ықпалына ұшыраған, өзгерген, күйзелген тіл ретінде, ал жас буынның тұтынуында енді ағылшын тілінің де әсеріне шалдыққан тіл күйін кешіп жатыр. Ағылшын тілінің әсері текқазақ тіліне ғана емес, дүниежүзі тілдеріне де күшті болып отырғанын ғалымдар, әлеуметтанушылар айтып келеді. Қай тілдің де шылауында кетпес үшін, ұлттық рухани діңгегіміз мықты болуы шарт.[5,8 б.].

Екі тілді автордың көркем мәтінін оқу – жаңа мәдени және тілдік кеңістікті қалыптастыруға ықпал ететін мәдениетаралық коммуникацияның бір нұсқасы. Екі тілді автордың көркем мәтінінде де тілдік кеңістікті қалыптастыруда тілге, ұлттық құндылықтарға деген құрмет ерекше [6, 603 б.].

Концептілік тәсіл контексте сөйлеудің негізгі лексикалық-семантикалық бірліктерін талдауға, концептілік кеңістіктің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін сипаттауға, негізгі проблеманы іске асыру үшін негізгі концептілік схемаларды бекітуге және поэтикалық мәтін идеяларын жеткізуге қатысты көптеген ғылыми қызығушылықтарды қамтиды. [7]

Халқымыздың тіл арқылы рухани әлемін байытуға ат салысып жүрген ғалымдардың, тіл жана-шырларының қуатты қаламдарынан туындаған тіл туралы еңбектерінің қай-қайсысы да біз үшін маңызды.

Қорытынды: Найзаның ұшымен қорғалған жер өз тілін, мәдениетін, рухын ұмытқан мәңгірттерге мәңгілік тұрақ бола алмайды. Тарих көрсеткендей, кез келген елдің жері мен тәуелсіздігі тек сол жерді мекендеген ұлттың саналы, рухты және ұлттық құндылықтарын қадірлеген азаматтары арқылы сақталады. Егер ұрпақ ана тілін, мәдениетін және ұлттық болмысын ұмытса, онда ол жердің де, мемлекеттің де болашағы бұлыңғыр болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Қайдар, Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері** [Мәтін] / Ә.Қайдар – Алматы: Ана тілі, 1998. – 308 б.
2. **Қалиұлы, Б. Жалпы тіл білімі** [Мәтін]: оқулық / Б.Қалиұлы – Алматы: 2005. – 118 б.
3. **Құнанбаев, А. Сен де бір кірпіш дүниеге** [Мәтін] / А.Құнанбаев // Өлеңдер мен қарасөздер – Алматы: Атамұра, 2014. – 288 б.
4. **Байтұрсынұлы, А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал** [Мәтін] / А.Байтұрсынұлы // Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: «Ел-шежіре», Т. III: 2013.–384 б.
5. **Байтелиева, Ж., Күдерінова, Қ. Жастардың машықсыз сөйленген сөздерінің тілдік ерекшеліктері** [Мәтін] /Ж. Байтелиева, Қ.Күдерінова, // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау Университетінің Хабаршысы Филологиялық сериясы – 2022. №3. 50-59 б. DOI: 10.59102/kufil/2022/iss3pp4-19.
6. **Zhanbekova, B., Beisenova, Zh., Khamidova, A., Kanafieva, K., Kamieva, G. The prose of a creative bilingual author as a variant of intercultural communication in an educational environment** [Text] Scientific Herald of Uzhhorod University Series “Physics” Journal homepage: <https://physics.uz.ua/en/Issue/55,603-612>. DOI: 10.54919/physics/55.2024.60le3.
7. **Abubakirova G., Kaipbayeva A., Zhursinalina G., Toleuova A. Linguocultural and conceptual features in poetic works** [Text] /G. Abubakirova, A. Kaipbayeva, G. Zhursinalin., A. Toleuova. // Scientific Herald of Uzhhorod University. Series «Physics» +Section Education issue. Journal – 2024 – №55, – P. 870–880. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.87gs0>.

REFERENCES:

1. **Kaidar A. Kazak tilinin ozekti maseleleri** [Current issues of the Kazakh language]. Almaty, Ana tili, 1998, 308 p. (In Kazakh)
2. **Kaliuly B. Zhalpy til bilimi** [General linguistics]. Almaty, 2005, 118 p. (In Kazakh)
3. **Kunanbayev A. Sen de bir kirpish dyniege** [You are also a brick in the world]. Olender men karasozder, Almaty, Atamura, 2014, 288 p. (In Kazakh)
4. **Baitursynuly A. Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Til – kural** [Collection of six-volume works. Language is a tool]. Almaty, "El-shezhire", vol. III: 2013, 384 p. (In Kazakh)
5. **Bajtelieva Zh., Kuderinova K. Zhastardyn mashyksyz sojlenge sozderinin tildik erekshelek-teri** [Linguistic features of unskilled speech of young people]. *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series*, 2022, no. 3, pp. 50-59. DOI: 10.59102/kufil/2022/iss3pp4-19. (In Kazakh)
6. **Zhanbekova B., Beisenova Zh., Khamidova A., Kanafieva K., Kamieva G. The prose of a creative bilingual author as a variant of intercultural communication in an educational environment.** *Scientific Herald of Uzhhorod University Series “Physics”*, iss. 55, pp. 603-612. DOI: 10.54919/physics/55.2024.60le3.
7. **Abubakirova G., Kaipbayeva A., Zhursinalina G., Toleuova A. Linguocultural and conceptual features in poetic works.** *Scientific Herald of Uzhhorod University Series “Physics”*, iss. 55, pp.870–880. <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.87gs0>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Қайыпбаева Айжамал – филология ғылымдарының кандидаты, филология және практикалық лингвистика кафедрасы профессорының м.а, «Ахмет.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 110005, Қостанай қ., 5 шағ. ауд., 16/5, тел.: +77785450211, e-mail: a.kaypbai1957@mail.ru.

Нурсеитова Айшагүл Айдарбековна – гуманитарлық ғылымдар магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, «Ахмет.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан, 110011 Қостанай қ., Штабная көш, 13, тел.: +77752965179, e-mail: a-nurseitova@mail.ru.

Тасмағамбетова Зейнат Жансұлтановна* – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, «Ахмет.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан, 110001 Қостанай қ, Сибирская көш, 43, тел.: +77752715197, e-mail: zinattas@mail.ru.

Абильбекова Бахыт Тұрсынбековна – филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, «Ахмет.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан, 110000, Қостанай қ., Герасимова көш., 2, тел.: +77022302275, e-mail: bakyt_ru@mail.ru.

Қайыпбаева Айжамал – кандидат филологических наук, и.о. профессора кафедры филологии и практической лингвистики, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Республика Казахстан, 110005, г. Костанай, 5 микр., 16/5. тел.: +77785450211, e-mail: a.kaypbai1957@mail.ru.

Нурсеитова Айшагүл Айдарбековна – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Республика Казахстан, 110011, г. Костанай, Штабная, 13, тел.: +77752965179, e-mail: a-nurseitova@mail.ru.

Тасмағамбетова Зейнат Жансұлтановна* – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Республика Казахстан, 110001, г. Костанай, Сибирская 43, тел.: +77752715197, e-mail: zinattas@mail.ru.

Абильбекова Бахыт Тұрсынбековна – старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Герасимова 2, тел.: +77022302275, e-mail: bakyt_ru@mail.ru.

Kaipbayeva Aizhamal – Candidate of Philological Sciences, acting Professor of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan NLC, Republic of Kazakhstan, 110005, Kostanay, 5 micro district, bld. 16, apt. 5, tel.: +77785450211, e-mail: a.kaypbai1957@mail.ru.

Nurseitova Aishagul Aidarbekona – Master of Humanities, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University NLC, Republic of Kazakhstan, 110011, Kostanay, 13 Shtabnaya Str., tel.: +77752965179, e-mail: a-nurseitova@mail.ru.

Tasmagambetova Zeinat Zhansultanovna* – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University NLC, Republic of Kazakhstan, 110001, Kostanay, 43 Sibirskaia Str., tel.: +77752715197, e-mail: zinattas@mail.ru.

Abilbekova Bakhyt Tursynbekovna – Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University NLC, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 2 Gerasimov Str., tel.: +77022302275, e-mail: bakyt_ru@mail.ru.

IRSTI: 16.21.33: 16.21.27

UDC: 81'42

<https://doi.org/10.52269/NTDG2541231>

PROXEMES, CHRONEMES AND LEXICAL TIMERS AS LINGUOCULTURAL NOMINANTS OF MODEL CHINESE METROPOLIS (BASED ON THE MATERIAL OF «NATIONAL GEOGRAPHIC» MAGAZINE)

Kolyadin A.V. – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Ural Federal University, Yekaterinburg, Russia.

The article is devoted to studying markers of the informative code of the journalistic concept HONG KONG in English-language journalistic discourse. The purpose of this article is to study the specifics of the representation and interaction of chronemes and linguocultural lexical timers in the information code of the